

Кәсіптік стандарт: «Бұршақ және майлы дақылдарды өсіру»

1-ші тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолдану аясы:
2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:
 - 1) Дәндібұршақ дақылдары – ақуызға бай азық-түлік және азықтық астықты алу үшін өсірілетін бұршақ тұқымдас өсімдіктер, 17 тұқымдастан 60-тан астам түрді біріктіреді: асбұршақ, үрмебұршақ, майбұршақ, ноқат, жасымық, сиыржоңышқа және т.б.
 - 2) Майлы дақылдар – майлылығы доғары майларды алу үшін пайдаланылатын өсімдіктер.
 - 3) Тұқымның орылғаннан кейінгі пісіп-жетілуі – бұл жаңа жиналған тұқымдарда өтетін және олардың физиологиялық жетілуіне, яғни қалыпты өскіндерді беру қабілетіне әкелетін биохимиялық процесс.
 - 4) Себу – өсімдік шаруашылығында, топырақтың жоғарғы қабатында тұқымдарды өсіру үшін бөлу; бұршақты және майлы дақылдарды өндіру кезінде маңызды агротехникалық тәсіл.
 - 5) Даму фазалары – бұл егуден бастап тұқымдардың жетілуіне дейінгі кезеңде өсімдіктерде болатын сыртқы морфологиялық өзгерістер: көктеу, түптену, сабақ шығару, масақтану (немесе шашақ ату), гүлдену және жетілу.
 - 6) Көктеу – өскін, тұқымнан шығу.
 - 7) Түптену – жер асты сабақтарының түйіндерінен өркеннің пайда болуы. Осы өркендерден қосалқы (түйіндік) тамырлар, содан кейін бетіне шығатын және негізгі сабақтарға ұқсас өсетін бүйірлік өркендер пайда болады.
3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады
 - 1) –

2-ші тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Бұршақ және майлы дақылдарды өсіру
5. Кәсіптік стандарттың коды: A01111012
6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:
 - A Ауыл, орман және балық шаруашылығы
 - 01 Өсімдік және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызметтер ұсыну
 - 01.1 Бір- немесе екіжылдық дақылдарды өсіру
 - 01.11 Дәнді дақылдарды (күріштен басқа), бұршақ және майлы дақылдарды өсіру
 - 01.11.1 Тұқым шаруашылығын қосқанда, дәнді дақылдарды және бұршақ дақылдарын өсіру
 - A Ауыл, орман және балық шаруашылығы
 - 01 Өсімдік және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызметтер ұсыну
 - 01.1 Бір- немесе екіжылдық дақылдарды өсіру
 - 01.11 Дәнді дақылдарды (күріштен басқа), бұршақ және майлы дақылдарды өсіру
 - 01.11.2 Майлы өсімдіктерді және олардың тұқымдарын өсіру
7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің дәнді-бұршақты және майлы дақылдарды өндіруі. Минералдық және органикалық тыңайтқыштарды енгізу, егістікті жапырақты өңдеу, егіс айналымы және тұқымдық материалды жаңарту жөніндегі ғылыми ұсынымдарды сақтау негізінде ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыруға бағытталған агротехникалық іс-шараларды ұйымдастыру және орындау (тұқымдық табанды дайындау, тұқым материалын егуге дайындау, көшеттерді күту).
8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:
 - 1) Тұқымдарды дәрілеу желісінің операторы - 3 СБШ-нің деңгейі
 - 2) Өртүрлі ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру жөніндегі фермер - 4 СБШ-нің деңгейі
 - 3) Диқан - 4 СБШ-нің деңгейі
 - 4) Пестицидтерді өсіру және қолдану жөніндегі жұмысшы - 4 СБШ-нің деңгейі
 - 5) Топырақтанушы (біліктілік деңгейі орташа) - 5 СБШ-нің деңгейі
 - 6) Агрохимик - 6 СБШ-нің деңгейі
 - 7) Бас агроном - 8 СБШ-нің деңгейі

3-ші тарау. Кәсіптер карточкалары

9. Кәсіптің карточкасы «Тұқымдарды дәрілеу желісінің операторы»:	
Топтың коды:	8341-2
Қызмет атауының коды:	8341-2-009

Кәсіптің атауы:	Тұқымдарды дәрілеу желісінің операторы		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	3		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	64-шығарылым. "Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (64-шығарылым) бекіту туралы" 2012 жылғы 1 қарашадағы № 422-ө-м Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 23 қарашада № 8098 тіркелді. Диқан		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТЖКБ (жұмысшы кәсіптер)	Мамандық: -	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	Мақта тұқымын дәрілеуші		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Тұқымды дәрілеудің технологиялық процесін жүргізу және бақылау		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Майлы және бұршақ дақылдарының тұқымдарын құрғақ, жартылай құрғақ немесе дисперсиялық тәсілмен автоматтандырылған (немесе механикаландырылған) желіде дәрілеу процесін жүргізу	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Майлы және бұршақ дақылдарының тұқымдарын құрғақ, жартылай құрғақ немесе дисперсиялық тәсілмен автоматтандырылған (немесе механикаландырылған) желіде дәрілеу процесін жүргізу	Дағды 1: Майлы және дәнді дақылдардың тұқымдарын дәрілеу	Машықтар:	<ol style="list-style-type: none"> 1. Тұқымдарды берудің, дәрілеудің және түсірудің технологиялық процесін қадағалау және бақылау. 2. Тұқымдарды құрғақ, жартылай құрғақ немесе дисперсиялық дәрілеуге арналған химиялық препараттар мен қосылыстардың қоспасын жасау. 3. Қажетті бақылау-өлшеу аспаптары мен құралдарын пайдалану. 4. Авариялық жағдайды болдырмау үшін бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіштерін оқу. 5. Технологиялық желіде жүктеме деңгейін реттеу. 6. Белгіленген технологиялық режимнен ауытқуды және олардың туындау себептерін болдырмау.
		Білімдер:	<ol style="list-style-type: none"> 1. Бұршақты дақылдарды өндіру саласындағы базалық білім және ауыспалы егісте маңызы, сондай-ақ майлы дақылдардың технологиялық маңызы. 2. Желінің құрылысы және әрекет ету принципі. 3. Бұршақ тұқымдарын дәрілеудің технологиялық процесі және майлы дақылдардың тұқымдарын дәрілеудің ерекшеліктері.
		Дағдыны тану мүмкіндігі:	-

	Дағды 2: Жабдықтың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету	Машықтар:	
		1. Тұқымды дәрілеу желісінің жабдықтарын, негізгі тораптарын, бөлшектері мен элементтерін ай сайын техникалық байқаудан өткізу. 2. Тұқымдарды дәрілеу желісінің жабдықтарының, негізгі тораптарының, бөлшектері мен элементтерінің жұмыс істеуіндегі ақауларды анықтау және жою. 3. Тұқымдарды дәрілеудің технологиялық желісінің жұмысындағы елеусіз ақаулықтарды өз бетінше жою. 4. Желінің негізгі және қосалқы технологиялық жабдықтарының жұмыс органдарын технологиялық реттеуді өз бетінше орындау.	
		Білімдер:	
		1. Негізгі және қосалқы технологиялық жабдықтарды ретке келтіру схемасы. 2. Технологиялық режимдерді ұтымды реттеу тәсілдері. 3. Бақылау-өлшеу аспаптарының қолданылуы және тағайындалуы. 4. Желі жабдықтарын ретке келтіру қағидалары. Жабдықтардың жекелеген түрлерінің жұмысындағы ақаулықтарды анықтау және жою тәсілдері. 5. Дәріленген тұқымның сапасына қойылатын талаптар.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Тәртіптілік Жауапкершілік Орындаушылық Аналитикалық ойлау		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:			
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	2	Жерді суару жөніндегі жұмысшы	
	4	Өртүрлі ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруге маманданған	
10. Кәсіптің карточкасы «Өртүрлі ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру жөніндегі фермер»:			
Топтың коды:	6114-0		
Қызмет атауының коды:	6114-0-007		
Кәсіптің атауы:	Өртүрлі ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру жөніндегі фермер		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	ҚР АШМ 2019 жылғы 21 тамыздағы №307 бұйрығымен бекітілген Ауыл шаруашылығы ұйымдарының басшылары және мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары. Барлық атаудағы техника		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: -	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информталы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	Мақта өсіру жөніндегі фермер Соя дақылдарын өсіру жөніндегі фермер		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Фермерлік шаруашылықта майлы және бұршақ дақылдарын өсіру процесін ұйымдастыру.		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			

Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Майлы және бұршақ дақылдарын өсіру бойынша агротехникалық жұмыстарды жүргізу
	Қосымша еңбек функциялары:	
Еңбек функциясы 1: Майлы және бұршақ дақылдарын өсіру бойынша агротехникалық жұмыстарды жүргізу	Дағды 1: Бұршақ және майлы дақылдарды өсіру	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Дәнді-бұршақты және майлы дақылдарды өсіруге мамандандырылған фермер (шаруа) қожалығына ұйымдастыру-технологиялық басшылықты жүзеге асыру. 2. Жеке және заңды тұлғалармен, мемлекеттік билік және басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып, фермер (шаруа) қожалығының мүдделерін білдіру. 3. Заңмен белгіленген тәртіпте құпия ақпаратты құрайтын мәліметтерді қорғау көлемі мен тәртібін анықтау. 6. Еңбек ұжымының (кәсіподақ ұйымының) жиналыстарын (конференцияларын) қарауға шығарылатын еңбекті қорғау мәселелерін талқылауға қатысу. 7. Бұршақ және майлы дақылдарды өндіру мен өткізуді қамтамасыз ету. 8. Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын пайдалануға қабылдауды жүзеге асыру; 9. Қажет болған жағдайда ауыл шаруашылығы өндірісінде "бұршақ және майлы дақылдар" бағыты бойынша селекциялық жұмыстарды жүргізу. 10. Бұршақ және майлы дақылдар өндірісін жүргізу мен ұйымдастырудың отандық және шетелдік озық тәжірибесін жинақтау және өндіріске енгізу. 11. Қызметкерлерге бұршақ және майлы дақылдарды өндіру кезінде жұмыстың қауіпсіз әдістері мен тәсілдерін үйрету. 12. Фермер (шаруа) қожалығы жағдайында ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізу кезінде өзін-өзі бақылауды және еңбекті қорғау талаптарын сақтауды жүзеге асыру. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бұршақ және майлы дақылдарды өсіру технологиясы. 2. Тұқымдарды дәрілеу, өркендер мен ересек өсімдіктерді өңдеу үшін пайдаланылатын препараттардың шығын нормалары. 3. Бұршақ және майлы дақылдардың зиянкестері мен ауруларына қарсы күрес шаралары. 4. Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтер мен агрохимикаттардың тізбесі. 5. Белсенді заттың қажетті шоғырлануы бар тыңайтқыштарды араластыру және өсімдіктердің өсуін реттегіштер технологиясы. 6. Зиянкестердің негізгі түрлері, аурулар және арамшөптер.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-

	Дағды 2: Арамшөптермен, зиянкестермен күрес бойынша іс-шаралар өткізу	Машықтар:		
		1. Топырақты дәнді-бұршақты және майлы дақылдарды егуге дайындау. Топырақты өңдеу және дайындау, егу, дақылдарды отырғызу және оларды күту кезінде ауыл шаруашылығы жұмыстарын орындау. 2. Бұршақты және майлы дақылдардың сортына байланысты егістікті егуге арналған зағондарға бөлу. 3. Бұршақ және майлы дақылдарды өндіру үшін ауыл шаруашылығы техникасына арналған бұрылыс жолақтарын салу. 4. Бұршақ және майлы дақылдарды себу алдында топырақты өңдеу сапасын бақылау. 5. Топырақты ауыл шаруашылығы техникасымен өңдеу жүргізу тәртібі мен мерзімін бақылау. 6. Астықты сақтау және жинаудан кейінгі өңдеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу.		
		Білімдер:		
		1. Жұмыс ерітіндісін дайындау технологиясы. 2. Бұршақты және майлы дақылдарды өңдеу технологиясы және ерекшеліктері. 3. Өсімдіктерді ауру қоздырғыштарынан, зиянкестерден және арамшөптерден пестицидтермен және биопрепараттармен қорғау әдістері. 4. Пестицидтермен және өсімдіктерді қорғаудың биологиялық құралдарымен жұмыс істеу кезінде еңбекті қорғау қағидалары. 5. Астықты жинаудан кейінгі өңдеу қағидалары. 6. Бұршақ және майлы дақылдарды жинаудан кейінгі өңдеу қағидалары.		
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-		
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Тәртіптілік Жауапкершілік Өндірістік тапсырмаларды шешудегі жеделдік Аналитикалық ойлау			
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:				
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:		
	3	Тұқымды дәрілеу желісінің операторы		
	5	Топырақтанушы (орташа білікті)		
11. Кәсіптің карточкасы «Диқан»:				
Топтың коды:	6111-1			
Қызмет атауының коды:	6111-1-003			
Кәсіптің атауы:	Диқан			
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4			
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:				
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	ҚР АШМ 2019 жылғы 21 тамыздағы №307 бұйрығымен бекітілген Ауыл шаруашылығы ұйымдарының басшылары және мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары. Барлық атаудағы техника			
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі:	Мамандық:	Біліктілік:	
	ТЖКБ (орта деңгейдегі маман)	-	-	
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:				
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:				

Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	Білікті ауыл шаруашылығы жұмысшысы (далалық дақылдар) Соя дақылдарын өсіру жөніндегі фермер	
Қызметтің негізгі мақсаты:	Бұршақ, майлы дақылдардың ерекшеліктеріне байланысты қолайлы жағдайлар жасау бойынша далалық жұмыстарға байланысты міндеттерді орындау.	
Еңбек функциялардың сипаттамасы		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Егіс алқаптарының құнарлылығын қолдау және арттыру жөніндегі агротехникалық іс-шараларды қолдану: биологиялық балансты қолдау мақсатында бұршақ және майлы дақылдарды өсіру процесінде егістіктерді өңдеу - тыңайтқыштарды енгізу, суару, химикаттармен өңдеу, кеміргіштермен күрес, егін жинау
	Қосымша еңбек функциялары:	
Еңбек функциясы 1: Егіс алқаптарының құнарлылығын қолдау және арттыру жөніндегі агротехникалық іс-шараларды қолдану: биологиялық балансты қолдау мақсатында бұршақ және майлы дақылдарды өсіру процесінде егістіктерді өңдеу - тыңайтқыштарды енгізу, суару, химикаттармен өңдеу, кеміргіштермен күрес, егін жинау	Дағды 1: Топырақты өңдеу, себу материалын дайындау және себу іс-шаралары	Машықтар:
		<ol style="list-style-type: none"> 1. Топырақтың физикалық қасиеттерін жақсарту, оның құнарлылығын арттыруды қамтамасыз ететін биологиялық, физикалық-химиялық және физикалық процестердің өтуі үшін қолайлы жағдайлар жасау. 2. Өсімдік қалдықтарын, минералдық және органикалық тыңайтқыштарды белгілі бір тереңдікке бітеу, өсімдіктердің тамыр жүйесін дамытуға қолайлы біртекті жыртылатын қабат жасау. 4. Тұқымдарды өңдеу және олардың өсуі үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ететін майлы және бұршақ дақылдарының тұқымдарына арналған ұсақ құрылымды тегістелген егістік қабатын және тығыздалған көмбені дайындау. 5. Майлы және бұршақты дақылдардың тұқымдарын жартылай тығыздалған табанға себу, оларды алаңның тереңдігі мен ауданы бойынша біркелкі бөлу. 6. Машиналардың жаңа жұмыс органдарын құру, жоғары өнімді құрамдастырылған машиналарды құру жолымен, технологиялық операцияларды біріктіру жолымен топырақты өңдеу және себу сапасын арттыру. 7. Арнайы машиналар жасау арқылы топырақты өңдеудің және егудің дәстүрлі емес минимал жүйелерін қолдану. 8. Топырақтың тозуына байланысты тәуекелдерді бағалау, мұндай факторларға баға беру. 9. Майлы және бұршақ дақылдарының тұқымдарын себу үшін топырақты лазерлік өңдеуді жүргізу. 10. Топырақты үнемі зерттеу, қоректік заттардың құрамын талдау және рН қышқылдықты анықтау.
		Білімдер:
		<ol style="list-style-type: none"> 1. Топырақты себу алдында өңдеудің ресурс үнемдейтін әдістері. 2. Жоғары сапалы және дұрыс дайындалған тұқымдар жақсы бөлінген, қыздырылған және жеткілікті ылғалды топыраққа себудің қағидалары мен ерекшеліктері. 3. Егудің озық әдістерін білу. 4. Технологиялық машиналар және егіс, жинау және қазіргі заманғы өңдеу машиналарын пайдалану қағидалары. 5. Топырақ қорғау іс-шаралары және майлы және бұршақты дақылдардың егіс жұмыстарын жүргізуде БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (ФАО) (Food and Agriculture Organization, FAO) ресурсты сақтау жөніндегі қазіргі заманғы ұсынымдары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-

	<p>Дағды 2: Тыңайтқыштарды енгізу, суару, химикаттармен өңдеу және кеміргіштермен күрес бойынша іс-шаралар жүргізу</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Өсімдіктерді аурулардан қорғайтын әр түрлі гербицидтермен егістіктерге нүктелі және жергілікті бүрку жүргізу. 2. Майлы және бұршақ дақылдарының түріне байланысты азотты, калийлі және басқа да тыңайтқыштарды арнайы тәсілмен енгізу. 3. Ауыспалы егісті және топырақты байытудың ғылыми негізделген ресурс үнемдеуші әдістерін қолдану. 4. Мелиорацияның қазіргі заманғы тәсілдерін қолдану. 5. Топырақты өңдеу және кеміргіштерді механикалық аулау. 6. Арамшөптердің қабылдағыштығын бағалауға байланысты гербицидтерді таңдау.
		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Гербицидтерді тағайындау және өсімдіктер физиологиясына әсер ету принципі. 2. Арамшөптердің құрамы және олардың физиологиялық даму кезеңдері. 3. Ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудің агроклиматтық жағдайларына сүйене отырып, көшеттерді гербицидтермен өңдеу мерзімдері. 4. Жұмыс ерітінділерін дайындау технологиясы. 5. Өсімдіктерді ауру қоздырғыштарынан, зиянкестерден және арамшөптерден пестицидтермен және биопрепараттармен қорғау әдістері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
	<p>Дағды 3: Өнімді жинау және жинаудан кейінгі өңдеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тиісті жабдықтарды қолдана отырып, бұршақ және майлы дақылдарды жинауды жүргізу. 2. Өнімнің жетілу кезеңін анықтау және өнімді жинау кезінде ресурс үнемдеуші технологияларды қолдану. 3. Бұршақ және майлы дақылдардың өнімін жинауға ауыл шаруашылығы техникасын дайындау бойынша іс-шаралар өткізу. 4. Физиологиялық, биологиялық ерекшеліктеріне байланысты жиналған майлы және бұршақ дақылдарын жинаудан кейінгі өңдеу бойынша іс-шараларды жүзеге асыру. 5. Өңделген өнімді сақтау қоймаларына орналастыру, шығынсыз сақтау үшін қажетті жағдайлар жасау.
		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ботаникалық ерекшеліктерге байланысты майлы және бұршақ дақылдарын жинау әдістері. 2. Егін жинау, жинаудан кейінгі өңдеу және сақтау кезінде қолданылатын қазіргі заманғы ресурс үнемдеуші технологиялар. 3. Бұршақ және майлы дақылдарды жинауға арналған ауыл шаруашылығы техникасының жұмыс істеу принциптері, құрылымы және механизмі.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	<p>Тәртіптілік Жауапкершілік Өндірістік тапсырмаларды шешудегі жеделдік Командада жұмыс істеуді білу</p>	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:

	3	Білікті ауыл шаруашылығы жұмысшысы (аралас дақылдар)	
	5	Топырақтанушы (орташа білікті)	
12. Кәсіптің карточкасы «Пестицидтерді өсіру және қолдану жөніндегі жұмысшы»:			
Топтың коды:	6114-0		
Қызмет атауының коды:	6114-0-003		
Кәсіптің атауы:	Пестицидтерді өсіру және қолдану жөніндегі жұмысшы		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	64-шығарылым. "Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (64-шығарылым) бекіту туралы" 2012 жылғы 1 қарашадағы № 422-ө-м Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 23 қарашада № 8098 тіркелді. Диқан		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: -	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	Егінші		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Жырытылатын жерлерде жұмыстарды орындауға байланысты міндеттерді орындау		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Бұршақ және майлы дақылдардың өнімін өсіру және жинау бойынша ауыл шаруашылығы жұмыстарын орындау	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Бұршақ және майлы дақылдардың өнімін өсіру және жинау бойынша ауыл шаруашылығы жұмыстарын орындау	Дағды 1: Бұршақ және майлы дақылдарды өсіріп-өндіру кезінде далалық ауыл шаруашылығы жұмыстарын орындау	Машықтар:	
		1. Топырақты отырғызуға дайындау бойынша далалық жұмыстарды жүргізу, мамандандырылған машиналарға қызмет көрсету. 2. Майлы және бұршақ дақылдарының тұқымдарын егуге дайындау, себу бойынша нұсқаулықтарды орындау. 3. Топырақты гербицидтермен өңдеу бойынша механикаландырылған жұмыстарды жүргізу. 4. Майлы және бұршақ дақылдары егістіктерін сорты мен түріне қарай суаруды жүргізу. 5. Арамшөптерді, зиянкестер мен кеміргіштерді жоя отырып дала жұмыстарын жүргізу. 6. Майлы және бұршақ дақылдарының түрлері мен сорттары бойынша нұсқамаға сәйкес егістіктерді қажетті тыңайтқыштармен өңдеуді жүзеге асыру. 7. Майлы және бұршақ дақылдарының түсімін топырақ пен өсімдіктерді отырғызу, өңдеу, сондай-ақ егін жинау ерекшеліктеріне сәйкес жинау жұмыстарын жүргізу.	

		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Техника және көлік пен жабдықтарға қызмет көрсету. 2. Әр түрлі механизмдерді қолдана отырып топырақты өңдеу әдістері мен тәсілдері 3. Арамшөптердің биологиялық қасиеттері, олардың түрлік құрамы. 4. Кеміргіштермен күресу әдістері 5. Майлы және бұршақ дақылдары үшін тыңайтқыш енгізу әдістері 6. Егін жинаушы және басқа да ауыл шаруашылығы техникасы жұмысының ерекшеліктері 7. Еңбек қауіпсіздігін, өндірістік санитарияны және өртке қарсы қорғауды, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі ережелер мен нормаларды, жұмыстарды қауіпсіз орындау нормаларын, әдістері мен тәсілдерін сақтау.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
	Дағды 2: Дала жұмыстары бойынша қосымша іс-шаралар өткізу.	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Майлы және бұршақ дақылдарын өңдеу, жинаудан кейінгі өңдеу және сақтауға орналастыру бойынша механикалық жұмыстарды жүргізу. 2. Механизмдер мен далалық техникаға қызмет көрсету, ал қажет болған жағдайда жөндеу жұмыстарын жүргізу. 3. Қоймаларды, механикаландырылған алаңдарды санитарлық тазалауды орындау. 4. Өнімді жинаудан кейінгі өңдеудің, бұршақ және майлы дақылдардың тұқымдық материалын тазартудың және себу алдында өңдеудің механикаландырылған құралдарына қызмет көрсету. 5. Өрістерді өңдеу кезінде жұмыс мұқаммалы мен қосалқы құралдарды пайдалану.
		Білімдер:
		<ol style="list-style-type: none"> 1. Егін жинаушы және басқа да ауыл шаруашылығы техникасы жұмысының ерекшеліктері. 2. Еңбек қауіпсіздігін, өндірістік санитарияны және өртке қарсы қорғауды, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі ережелер мен нормалар, жұмыстарды қауіпсіз орындау нормалары, әдістері мен тәсілдері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	<p>Жауапкершілік Коммуникабельділік Тәртіптілік Аналитикалық ойлау Өндірістік тапсырмаларды шешудегі жеделдік</p>	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	2	Жерді суару жөніндегі жұмысшы
	4	Диқан
13. Кәсіптің карточкасы «Топырақтанушы (біліктілік деңгейі орташа)»:		
Топтың коды:	3142-0	
Қызмет атауының коды:	3142-0-011	
Кәсіптің атауы:	Топырақтанушы (біліктілік деңгейі орташа)	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	5	
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:		

БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	ҚР АШМ 2019 жылғы 21 тамыздағы №307 бұйрығымен бекітілген Ауыл шаруашылығы ұйымдарының басшылары және мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары. Топырақтанушы		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: орта білімнен кейінгі (қолданбалы бакалавриат)	Мамандық: Агрономия	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Топырақтанумен байланысты міндеттерді орындау		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Дәнді-бұршақты және майлы дақылдарды салудың тиімді агрохимиялық тәсілдерін және топырақты механикалық өңдеу жөніндегі технологиялық операцияларды жүргізу, әзірлеу және енгізу	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Дәнді-бұршақты және майлы дақылдарды салудың тиімді агрохимиялық тәсілдерін және топырақты механикалық өңдеу жөніндегі технологиялық операцияларды жүргізу, әзірлеу және енгізу			

Дағды 1:
Дәнді-бұршақты және майлы дақылдарды салудың тиімді агрохимиялық тәсілдерін және топырақты механикалық өңдеу жөніндегі технологиялық операцияларды жүргізу, әзірлеу және енгізу.

Машықтар:

1. Топырақтың құнарлылығын арттыруға және бұршақ және майлы дақылдардың өнімділігін арттыруға бағытталған агрохимиялық іс-шараларды әзірлеуге және енгізуге қатысу.
2. Өсірілетін өсімдіктердің биологиялық ерекшеліктерін, шаруашылықтың топырақ-климаттық жағдайларын, органикалық және минералды тыңайтқыштарды, химиялық қорғау құралдарын пайдаланудың тиімділігін, оларды қолдану тәсілдерін зерттеу.
3. Учаскелерді, мерзімдерді анықтау және тыңайтқыштар мен басқа да химиялық заттар қандай шамада қолданылуы тиіс.
4. Бұршақ және майлы дақылдардың жекелеген алқаптары бойынша топырақ үлгілерін талдау негізінде топырақтық, экологиялық және агрохимиялық картограмма жасау және оларды жыл сайын түзету.
5. Жекелеген шаруашылық бөлімшелері бойынша бұршақ және майлы дақылдарды өндіру жоспарларын әзірлеуге қатысу.
6. Бұршақ және майлы дақылдардың түріне, сортына байланысты тыңайтқыштарды дайындау мен сақтауға, сондай-ақ топыраққа дұрыс енгізуге бақылауды жүзеге асыру.
7. Тыңайтқыштарды енгізу кезінде механикаландыруды және осы жұмыстарды ұйымдастырудың озық тәжірибесін енгізуге қатысу.
8. Бұршақ және майлы дақылдардың ерекшеліктерін ескере отырып, топырақтың, минералдық, органикалық тыңайтқыштардың және басқа да материалдардың сынамаларын дайындауды жүзеге асыру.
9. Агрохимиялық зертханада физика-химиялық зерттеулер, экспресс-талдаулар жүргізу; химиялық талдаудың жаңа әдістерін жүргізу және сынақтан өткізу.
10. Зертханалық қондырғыларды, аспаптар мен жабдықтарды жұмысқа дайындау.
11. Бұршақты және майлы дақылдардың түсімін отырғызу, өсіру, дамыту және жетілдіру процесінде фенологиялық бақылау жүргізу.
12. Сеніп тапсырылған учаскеде бұршақ және майлы дақылдарды тыңайтқыштармен және химиялық қорғау құралдарымен тәжірибелік жұмыс жүргізу.
13. Бұршақ және майлы дақылдар өнімдерінің сапасын, сондай-ақ өсімдік шаруашылығы өнімдерінде зиянды заттардың болуын бақылау.

	<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ауыл шаруашылығы өндірісі мен бөлімшенің өндірістік-шаруашылық қызметіне қатысты жоғары тұрған және басқа органдардың қаулылары, өкімдері, бұйрықтары, басқа да басшылық және нормативтік құжаттары. 2. Ауыл шаруашылығы өндірісінің технологиясы және озық ауыл шаруашылығы тәжірибесі. 3. Топырақтану саласында ғылыми зерттеулер жүргізу әдістері. 4. Өсімдіктердің анатомиясы, морфологиясы, систематикасы, шығу тегінің заңдылығы, өзгеруі және бұршақ және майлы дақылдар түсімінің қалыптасуы. 5. Өсімдік организміндегі физиологиялық процестер, олардың сыртқы жағдайларға тәуелділігі және бұршақ және майлы дақылдардың өнімдік процесс үшін маңызы. 6. Микроағзалар я биологиясы, микроағзалар продуценттері және микроорганизмдердің патогенді штаммдары.
<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>-</p>
<p>Дағды 2: Бұршақ және майлы дақылдарды өндіру кезінде агрохимиялық қызметті орындау жұмысын жүзеге асыру</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жер пайдалану аумағында орналастыру кезінде бұршақ және майлы дақылдар талаптарының агроландшафттық шарттарының сәйкестігін белгілеу; 2. Бұршақты және майлы дақылдарды өндіру және топырақ құнарлылығын қалпына келтіру технологиялары бойынша ақпарат жинауды жүзеге асыру. 3. Топырақтың құнарлылығын арттыру бойынша агротехникалық іс-шараларды өткізу. 4. Топырақ құнарлылығын, баурайлардың тіктігі мен экспозициясын, жер асты суларының деңгейін және бұршақ және майлы дақылдар түрлерінің ерекшеліктерін ескере отырып, ауыспалы егісте топырақты өңдеу жүйесін құру. 5. Топырақты эрозиядан және дефляциядан қорғау жөніндегі жұмыстарды жүргізу. 6. Ауыл шаруашылығы алқаптарына агрохимиялық және экологиялық-токсикологиялық зерттеу жүргізу. 7. Жоспарланған өнімге топыраққа енгізу үшін органикалық және минералды тыңайтқыштардың мөлшерін есептеуді жүргізу.

		Білімдер:	
		<p>1. Бұршақ және майлы дақылдарды өсіріп-өндірудің экологиялық қауіпсіз технологиялары.</p> <p>2. Бұршақ және майлы дақылдардың ауыл шаруашылықтық өндірісіне әсер ететін ауа райы және климаттық факторлар.</p> <p>3. Топырақтың негізгі түрлерінің шығу тегі, құрамы және қасиеттері және олардың құнарлылығын қалпына келтіру.</p> <p>4. Аймақтың топырақтарының физикалық-химиялық және биологиялық сипаттамасы, топырақтың құрылымы мен құрамы.</p> <p>5. Әр түрлі экологиялық жағдайларда бұршақты және майлы дақылдарды өндіру технологиясы.</p> <p>6. Бұршақ және майлы дақылдардың жағдайына және өсірілетін түріне байланысты топырақтың құнарлылығын арттыру әдістері.</p> <p>7. Егіншілік заңдары, өсімдіктер өмірінің факторлары және оларды реттеу әдістері.</p> <p>8. Ауыспалы егістің ғылыми негіздері, топырақты өңдеу, өсімдіктерді арамшөптерден, зиянкестер мен аурулардан қорғаудың ғылыми негіздері.</p> <p>9. Бұршақ өсімдіктерін және майлы өсімдіктерді қоректендіру негіздері, минералды және органикалық тыңайтқыштардың түрлері мен нысандары, тыңайтқыштарды өңгізу тәсілдері мен технологиялары.</p>	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	<p>Жауапкершілік</p> <p>Коммуникабельділік</p> <p>Тәртіптілік</p> <p>Аналитикалық ойлау</p> <p>Өндірістік тапсырмаларды шешудегі жеделдік</p>		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:			
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	4	Диқан	
	6	Агрохимик	
14. Кәсіптің карточкасы «Агрохимик»:			
Топтың коды:	2132-4		
Қызмет атауының коды:	2132-4-001		
Кәсіптің атауы:	Агрохимик		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	<p>ҚР АШМ 2019 жылғы 21 тамыздағы №307 бұйрығымен бекітілген Ауыл шаруашылығы ұйымдарының басшылары және мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары</p> <p>Бөлімше (бригада, ауыл шаруашылығы учаскесі, ферма, цех) агрономы (орташа білікті)</p>		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Агрономия	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			

Қызметтің негізгі мақсаты:	Агрохимиялық іс-шараларды жүргізу және алқаптардың денсаулығын сақтау.	
Еңбек функциялардың сипаттамасы		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Тұқымдық және отырғызу материалының энтофитопатологиялық жай-күйін бақылау және өрістерді зерттеу. 2. Дәнді-бұршақты және майлы дақылдарды өндіру кезінде агрохимиялық қызметті ұйымдастыру жұмысын жүзеге асыру
	Қосымша еңбек функциялары:	
Еңбек функциясы 1: Тұқымдық және отырғызу материалының энтофитопатологиялық жай-күйін бақылау және өрістерді зерттеу.	Дағды 1: Агрохимия саласында зерттеулер жүргізу	Машықтар:
		1. Топырақтың құнарлылығын арттыруға және бұршақ және майлы дақылдардың өнімділігін арттыруға бағытталған агрохимиялық іс-шараларды әзірлеу және енгізу. 2. Топырақтың жай-күйі мен бұршақты және майлы дақылдардың өсу процесіндегі өзгерістер агрохимия саласындағы зерттеуге қатысу және жүргізу. 3. Өсірілетін бұршақты және майлы дақылдардың биологиялық ерекшеліктерін, шаруашылықтың топырақ-климаттық жағдайларын, органикалық және минералдық тыңайтқыштарды, химиялық қорғау құралдарын пайдаланудың тиімділігін, оларды қолдану және анықтау тәсілдерін, қандай учаскелерде, қандай мерзімде және қандай мөлшерде тыңайтқыштар мен басқа да химиялық заттардың қолданылуын білу. 4. Ауыспалы егістерді, тыңайтқыштар мен химиялық құралдардың қажеттілігі мен пайдалану жоспарларын жасауға қатысу. 5. Бұршақ және майлы дақылдарды өндіру бойынша алқаптарды агрохимиялық және экологиялық-токсикологиялық зерттеу бойынша жұмыстарды жүргізуге қатысу. 6. Жыл сайын жұмыс кезеңдері бойынша агрохимиялық картограммаларды ұйымдастыру және жасау, бұршақты немесе майлы дақылдардың өңделетін өсіндісінің түріне байланысты жердің жекелеген түрлері бойынша топырақ үлгілерін талдау негізінде оларды түзету. 7. Бұршақ және майлы дақылдар егісіне топырақты өңдеу және құрылымдық талдау үшін топырақ және өсімдік сынамаларын іріктеу бойынша жұмыстарды жүргізуге қатысу. 8. Бұршақ және майлы дақылдарды, минералдық, органикалық тыңайтқыштарды және басқа да материалдарды өндірудің барлық кезеңі ішінде топырақ сынамаларын дайындауды жүзеге асыру.
		Білімдер:
		1. Бұршақ және майлы дақылдарды өндіру мәселелеріне қатысты жоғары тұрған және басқа органдардың қаулылары, өкімдері, бұйрықтары, басқа да басшылық және нормативтік құжаттары; 2. Бұршақты және майлы дақылдарды ауыл шаруашылықтық өндіру технологиясы; 3. Бұршақ және майлы дақылдарды өндіру бойынша озық ауыл шаруашылығы тәжірибесі; 4. Бұршақ және майлы дақылдарды өсіру кезінде агрохимия және топырақты өңдеу саласында ғылыми зерттеулер жүргізу әдістері.
Дағдыны тану мүмкіндігі:	-	

	<p>Дағды 2: Тұқымдық және отырғызылған материалдың энтофито-патологиялық жай-күйін бақылау</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бұршақ және майлы дақылдардың өсірілетін дақылдарына байланысты тыңайтқыштарды дайындау мен сақтауға, сондай-ақ топыраққа дұрыс енгізуге бақылауды жүзеге асыру. 2. Ғылыми негізде химияландыру құралдарын қолдану бойынша ұсынымдарды әзірлеу және қатысу. 3. Агрохимиялық зерттеу бойынша материалдарды жүйелендіруге және талдауларды өңдеуге қатысу. 4. Талдау және сынау нәтижелерін ресімдеу, олардың есебін жүргізу. 5. Бұршақ және майлы дақылдардың және дайын өнімнің өсу процесіндегі өзгерістерді анықтау үшін жаңа аспаптар мен жабдықтарды сынауға қатысу. 6. Орындалған жұмыстар (талдаулар мен сынақтар, далалық зерттеулер, картографиялық жұмыстар) туралы есептер (есептің бөлімдерін) құрастыру. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Агрохимиялық, экологиялық-токсикологиялық жұмыстарды жүргізудің стандарттары, нормалары мен регламенттері. 2. Пестицидтер мен улардың агрохимиялық және экологиялық-токсикологиялық сипаттамалары. 3. Ауыл шаруашылығы өнімдері мен агрохимиялық объектілерге қойылатын техникалық және экологиялық талаптар. 4. Агрохимиялық жұмыстардың негізгі түрлерінің технологиясы.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
<p>Еңбек функциясы 2: Дәнді-бұршақты және майлы дақылдарды өндіру кезінде агрохимиялық қызметті ұйымдастыру жұмысын жүзеге асыру</p>	<p>Дағды 1: Бұршақ және майлы дақылдарды өндіру кезінде агрохимиялық қызметті ұйымдастыру жұмысын жүзеге асыру</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнаманың, еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі нормалары мен ережелерінің сақталуын бақылау. 2. Қауіпсіз еңбек жағдайларын бақылау және қамтамасыз ету, кәсіпорын қызметкерлерінің денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін улану, өндірістік жарақаттану, кәсіптік аурулар мен төтенше жағдайлардың алдын алу. 3. Авариялық жағдайдың дамуын шектеу және оны жою жөніндегі шараларды қабылдау. 4. Зардап шегушіге алғашқы көмек көрсету, жедел жәрдем, авариялық қызметтерді шақыру, өрт қауіпсіздігі бойынша шаралар қабылдау. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Аспаптар мен ауыл шаруашылығы жабдықтарының жұмыс істеу принципі, құрылымы және қауіпсіз пайдалану қағидалары. 2. Ғылым жетістіктері және ауыл шаруашылығында агрохимиялық жұмыстарды жүргізудің озық тәжірибесі. 3. Экономика, еңбекті ұйымдастыру және басқару негіздері. 4. Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнамасының негіздері. 5. Еңбек қауіпсіздігін, өндірістік санитарияны және өртке қарсы қорғауды, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі ережелер мен нормаларды, жұмыстарды қауіпсіз орындау нормаларын, әдістері мен тәсілдерін сақтау.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-

	Дағды 2: Агрохимия саласында дәнді-бұршақты және майлы дақылдарды өндіру кезінде бақылауды ұйымдастыру	Машықтар:	
		<p>1. Агрохимиялық зертхана қызметкерлерінің физика-химиялық зерттеулерді, экспресс-талдауларды ұйымдастыру және жүргізу.</p> <p>2. Бұршақты және майлы дақылдарды өсіру процесінде топырақ өзгерістерін анықтау бойынша жұмыстарға зертханалық қондырғыларды, аспаптар мен жабдықтарды дайындау, химиялық талдаудың жаңа әдістерін байқаудан өткізу.</p> <p>3. Топырақты талдау деректерін математикалық - статистикалық өңдеу және есептеулерді орындау және өсірілетін бұршақты және майлы дақылдарға әсер ету дәрежесін қадағалау.</p> <p>4. Тыңайтқыштармен және бұршақты және майлы дақылдарды қорғаудың химиялық құралдарымен тәжірибелік жұмыс жүргізу, өнімге зиянды заттардың жол берілетін мәннен артық қосылуы үшін жауапкершілік атқару.</p> <p>5. Тыңайтқыштарды енгізу процесін механикаландыруды және осы жұмыстарды ұйымдастырудың озық тәжірибесін енгізуге қатысу.</p>	
		Білімдер:	
		<p>1. Топырақтың құнарлылық көрсеткіштері мен негізгі химиялық және физико-химиялық қасиеттерінің параметрлерін оңтайландыру мәселелерін шешудің теориясы мен тәжірибелік әдістері мен жолдары.</p> <p>2. Буындарына кешенді агрохимиялық әсер ету есебінен оңтайлы дақылдық агроландшафтты құру әдістемесі.</p> <p>3. Топырақ жамылғысының тозу процестерін азайту әдістері.</p> <p>4. Топырақтың микробиоценоздарын реттеу әдістері.</p> <p>5. Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің химиялық құрамы мен қоректік құндылығын жақсарту тәсілдері және т.б.</p>	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Тәртіптілік Аналитикалық ойлау Өндірістік тапсырмаларды шешудегі жеделдік Жауапкершілік		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:			
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	5	Топырақтанушы (орташа білікті)	
	7	Ауыл шаруашылығындағы басшы (басқарушы, меңгеруші)	
15. Кәсіптің карточкасы «Бас агроном»:			
Топтың коды:	1310-1		
Қызмет атауының коды:	1310-1-001		
Кәсіптің атауы:	Бас агроном		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	8		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Ауыл шаруашылығы ұйымдарының басшылары және мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары Бас агроном		

Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары оқу орнынан кейінгі білім (PhD докторантура, PhD дәрежесі, осы саладағы PhD дәрежесі, ғылым кандидаты, ғылым докторы)	Мамандық: Агрономия	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Бұршақ және майлы дақылдарды себу, өсіру және жинау технологиясын сақтауға бағытталған дадалық жұмыстарын ұйымдастыру және басқару.		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Бұршақ және майлы дақылдар өндірісін ұйымдастырушылық-технологиялық басқаруды жүзеге асыру	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Бұршақ және майлы дақылдар өндірісін ұйымдастырушылық-технологиялық басқаруды жүзеге асыру	Дағды 1: Бұршақ және майлы дақылдардың технологиялық өндірісін ұйымдастыру.	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> Егіншіліктің ғылыми негізделген жүйелерін ұйымдастыру, әзірлеу және игеру, салада өндірісті қарқындату, жерді, негізгі қорларды, еңбек және материалдық ресурстарды тиімді пайдалану жөніндегі іс-шараларды орындау, дөнді-бұршақты және майлы дақылдарды өсірудің қарқынды технологияларын енгізу. Өндіріс көлемін ұлғайту және дөнді-бұршақты және майлы дақылдардың сапасын жақсарту мақсатында агротехникалық іс-шаралардың тиімділігін арттыру. Өнімнің бір бірлігіне өзіндік құны мен шығындарды төмендету, еңбек өнімділігінің өсуі және осы негізде дөнді-бұршақты және майлы дақылдарды өндіру және сату жөніндегі жоспарлар мен тапсырмаларды орындау. Топырақтың құнарлылығын арттыруға, астық шаруашылығын нығайтуға бағытталған агротехникалық және ұйымдастырушылық-экономикалық іс-шараларды қамтамасыз ету, әзірлеу және енгізу. Дөнді-бұршақты және майлы дақылдарды өсіру технологияларын ұйымдастыру және жетілдіру, ауыл шаруашылығы жұмыстарын оңтайлы мерзімде жоғары агротехникалық деңгейде жүргізу. Өсірілетін дақылдардың биологиялық ерекшеліктерін, топырақтың сорттарын, қасиеттерін, климаттық жағдайларды зерттеу негізінде ауыспалы егістің ғылыми негізделген жүйелерін әзірлеу және енгізу, топырақты эрозиядан қорғау, оны өңдеу, тыңайтқыштарды қолдану, егістікті зиянкестерден, аурулардан және дөнді-бұршақты және майлы дақылдардағы арамшөптерден қорғау. Жерді мелиорациялауды жүргізу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру, жер қорын, машина-трактор паркін, энергетикалық және еңбек ресурстарын және химияландыру құралдарын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету. 	

Білімдер:

1. Бұршақ және майлы дақылдарды өндіру мәселелеріне қатысты жоғары тұрған және басқа органдардың қаулылары, өкімдері, бұйрықтары, басқа да басшылық және нормативтік құжаттары.
2. Ауылшаруашылық өндірісінің технологиясы және биологиялық ерекшеліктеріне байланысты бұршақ және майлы дақылдарды өңдеу әдістерін қолдана отырып бұршақ және майлы дақылдарды өндірудің озық ауылшаруашылық тәжірибесі.
3. Бұршақ және майлы дақылдар агрономиясы саласында ғылыми зерттеулер жүргізу әдістері.
4. Ауыспалы егісті есепке ала отырып бұршақ және майлы дақылдарды өсірудің инновациялық әдістері.

Дағдыны тану мүмкіндігі:

-

Дағды 2:

Бұршақ және майлы дақылдарды ауыл шаруашылықтық өндірісінің инновациялық әдістерін қолдана отырып дала жұмыстарын жүргізу.

Машықтар:

1. Тұқым шаруашылығы бойынша жұмыстарды ұйымдастыру, аудандастырылған, перспективалы және тапшы астықты және дөнді-бұршақты және майлы дақылдардың тұқымдарын көбейту, сортты ауыстыру мен сорт жаңартуды жедел жүргізу, шаруашылықты жоғары сапалы сортты астықпен және тұқымдармен қамтамасыз ету және оны ұтымды қолдану.
2. Егуді жоспарлаудың қазіргі заманғы әдістерін қолдана отырып, шаруашылықты дамытудың перспективалық және жылдық жоспарларын әзірлеу.
3. Ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізудің сапасы мен уақтылығын, техниканы пайдалануды, өндірілетін өнімнің сапасын, саладағы еңбек шығындары мен материалдық-ақша қаражатын бақылау, шығындарды болдырмау үшін шаралар қабылдау.
4. Дөнді-бұршақты және майлы дақылдарды өндіру үшін минералдық тыңайтқыштарды, машиналарды, жабдықтарды және басқа да материалдық-техникалық құралдарды сатып алуға есептер мен өтінімдер жасау.
5. Өсімдік шаруашылығы өнімдерін сату шарттарын келісу. Дөнді-бұршақты және майлы дақылдар тұқымдарын сату көлемінің есебін жүргізу.
6. Алқаптар тарихы кітабын, жер кітабын және басқа да есепке алу құжаттарын жүргізу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.
7. Агрономиялық іс-шаралардың жұмысын бақылау және бұршақты және майлы дақылдардың сапалы өнімін алуға бағытталған қазіргі заманғы инновациялық технологияларды қолдана отырып, дала жұмыстарына тікелей қатысу.
8. Бұршақ және майлы дақылдарды өсіру кезінде далалық жұмыстарды жүзеге асыру барысында қызметкерлердің өндірістік және еңбек тәртібін, еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын, өндірістік санитария мен өртке қарсы қорғауды сақтауын бақылау.
9. Бұршақты және майлы дақылдарды өндіруге қатысты нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарын практикада түсіну және қолдану;
10. Бұршақ және майлы дақылдар өндірісінің саласын жақсарту бойынша ұсыныстарды басшылықтың қарауына енгізу.

		Білімдер:
		<p>1. Еңбек қауіпсіздігін, өндірістік санитарияны және өртке қарсы қорғауды, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі ережелер мен нормаларды, жұмыстарды қауіпсіз орындау нормаларын, әдістері мен тәсілдерін сақтау.</p> <p>2. Бұршақ және майлы дақылдардың сапалы өнімін алуға бағытталған заманауи инновациялық технологияларды қолдана отырып, егістіктерді өсіру бойынша заманауи жабдықтар мен техника.</p> <p>3. Ішкі еңбек тәртібінің қағидалары.</p>
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	<p>Жауапкершілік</p> <p>Коммуникабельділік</p> <p>Тәртіптілік</p> <p>Аналитикалық ойлау</p> <p>Өндірістік тапсырмаларды шешудегі жеделдік</p> <p>Командада жұмыс істеу</p>	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	7	Ауыл шаруашылығындағы басшы (басқарушы, меңгеруші)

4-ші тарау. Кәсіптік стандарттың техникалық деректері

16. Мемлекеттік органның атауы:
17. Өзірлеуге қатысатын ұйымдар (кәсіпорындар):
«Агроөнеркәсіп қауымдастықтарының кешені» консорциумы
Орындаушылар:
Валишина Г.Л., +7 (717) 278 29 88, yfb_com@mail.ru
Муслимов Н.Ж. , +7 (717) 254 60 99, n.muslimov@inbox.ru
18. Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес:
19. Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган: -
20. «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы: -
21. Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы: Нұсқа 2, 2022 г.
22. Болжамды қайта қарау күні: 26.10.2025 г.